

Семей Медицина Университеті
Хирургиялық пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: “Хирургиядағы деонтология”

Жоспар:

I. Кіріспе

Деонтология түсінігі

II. Негізгі бөлім:

Дәрігер қандай болуы шарт

Хирург жұмысының ерекшелігі

Дәрігер мен науқас қарым-қатынасы

Дәрігер мен мейірбике қарым-қатынасы

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқымен өзара қарым-қатынасы көптеген нормалармен, ережелермен және салт-дәстүрлермен реттеледі. Медицина – ем қолданып, шипа дарытудың бай тәжірибесін меңгеріп, адам іс-әрекеттерінің өзге түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір қасиеттер иеленетін мамандық.

Медициналық этиканың құрамдас бөлігі деонтология болып табылады.

Деонтология (гр. deon - *қажеттілік және logos ілім; қажеттілік туралы ілім*) - этиканың парыз, жалпы қажеттілік туралы (ізгілік талаптары білдіретіннің барлығы) қарастыратын бөлімі. Терминді алғаш Бентам жалпы ізгілік теориясын белгілеу үшін қолданған.

Деонтология - парыз, міндет мәселелерімен айналысатын этиканың бір бөлігі. Деонтология әлеуметтік-тарихи, мәдени дәстүрлерге қажетті адамдардың мінез-құлқын зерттейді.

Медициналық деонтологияның ішінде ерекше орын алатын *хирургиядағы деонтология*.
Өйткені хирургтің жұмысы әр уақытта да көптеген қиындықтар мен стресстік жағдайларға толы болды. Дәрігер хирургтің алдына науқас көп жағдайда өмір мен өлім арасында келеді. Сондықтан оған жиі науқастың туыстарымен бетпе-бет сөйлесуге тура келеді, бұндай жағдайда хирург медициналық этика қағидаларын қатаң сақтау керек.

Деонтологияға мынадай түсініктер жатады:

1. Өзін клиникада, операциялық бөлмеде, таңу бөлмесінде ұстай білу, дұрыс киіне білу.
2. Клиника қызметкерлерімен дұрыс қатынаста болу, олардың еңбегін құрметтеу.
3. Науқасқа тек бір мезгілдік жұмыс ретінде қарамау керек.
4. Науқастармен сөйлесе білу қажет.

Дәрігер қандай болу керек?

1. Хирург өзінің мамандығынан басқа мамандықтарды жете меңгеру қажет. Ол жақсы терапевт болуы керек.

2. Ол мынандай қасиеттерді меңгеруі керек:

Зерек болуы керек, жай уақытта көзге көріне бермейтін, бірақ ауру диагнозын қоюға көмектесетін шағын ескерілмейтін белгілерді көре білуі керек.

Жағдайларды дұрыс бағалай білу керек. Бұл екі қажетті қасиеттер ұзақ уақыт жұмыс істегенде ғана пайда болады.

3. Хирург науқастың қамын көп ойлауы қажет. Таңертең конференцияға бармай тұрып, ол науқастардың палатасына кіріп, жағдайларын сұрап шығуы тиіс.

4. Хирургтың жұмысы өте ауыр болғандықтан, оны тек дені сау, білікті адамдар ғана істей алады. Сондықтан хирургтар төзімді де шыдамды болулары шарт.

Хирург жұмысының ерекшелігі:

1. Хирург қарапайым емнен басқа емнің ерекше түрін- операция жасайды.
2. Хирургтың денесіне, әсіресе жүйкесіне үлкен салмақ түседі.
3. Операциялық бөлмедегі зиянды иісті және химиялық заттардың хирургқа күнделікті әсер етеді.
4. Хирургтың жұмысы тек жұмыс күні ғана емес, ол өзіне тән ерекше өмір сүру тәсілі.

Медицина қызметкерлері
қызметінің моральді-
этикалық негіздерін

Олардың рухани және
жеке қасиеттеріне
қойылатын талаптарын

Медициналық
деонтология
қамтиды:

Қоғам мен халық
арасындағы
жауапкершіліктерін

Науқастармен, олардың
туыстарымен,
әріптестерімен өзара
қарым-қатыстарын

Дәрігер мен науқас

Емдеу жұмыстары барысындағы дәрігер мен науқастың өзара қарым-қатынасының моральді-этикалық мәселелері – деонтологияның маңызды тармағы болып есептеледі. Емдеу мекемесі туралы алғашқы әсердің жағымды, не жағымсыз болуы медицина қызметкеріне, осы жердегі жұмыс тәртібі мен жай-ахуалға байланысты қалыптасады.

Егер науқас ұқыпты да, мұқият жұмыс істеп отырған медицина қызметкерін көрсе, көңілі орнығып, табалдырықтан сеніммен аттайды. Егер де, науқас тек жоғары білікті маманды ғана емес, сонымен қатар жаны жайсаң, жүрегі ізгі жанды көрсе, қамқор пейілін сезінсе, онымен бүкпесіз байланыс жасайды, ал мұның өзі емнің шипалы болуына септігін тигізеді.

Хирургия бөлімдері өзінің қаталдау сипатымен ерекшеленеді. Мұндай қаталдық - тазалықты, асептикалық және антисептикалық қағидаларды сақтау қамынан туындайды. Нақ осындай тазалықты көз қуантарлықтай әдемі етіп сақтауға болады.

Операция жасайтын бөлмелерде, жараны таңатын бөлмелерде, ем қабылдау бөлмесінде, т.б. медициналық ем шара бөлмелерінде асептикалық және антисептикалық шарт қатаң сақталуы тиіс.

Психологиялық асептиканы сақтау қажет: ол тікелей жараның асқынуына әсер етпегенімен, науқастың психогенді жарақат алуына себепші болуы мүмкін. Бұрынғы науқастардан қалған қанның дақтары, іріңді баттасқан мақта, дәке кесінділері кейін келген адамға кері әсер етіп, қозу күйіне ұшыратуы мүмкін.

Науқасты қарау, анамнезді жинау кезінде бөлмеге бөгде адамды немесе басқа ауруды кіргізуге мүлдем болмайды.

Басқа орындарды үйшілік жағдайға жақындатып қойған жөн. Декоративті өсімдіктер, аквариумдар науқастардың уайым-мұңын сейілтіп, сырқатын бір сәтке ұмытуға, көңілін сергітуіне әсер етеді.

Дәрігерлердің кейбір кезде қателік жіберетін кездері кездесіп қалады, сонда олардың қызметін объективті түрде бағалау, тіпті әділ жазасын беру қажеттілігі туындауы мүмкін. Бұның бәрі науқастар назарына жетуге, палата дәрігерлерінің беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

Дәрігердің әріптестерімен, орта және кіші медицина қызметкерлерімен өзара қарым-қатынасы

Дәрігердің өзара қарым-қатынасының деонтологиясы ұжым өмірінде маңызды мәнге ие болып, тұрғын халық арасындағы емдеу мекемесінің бет-бедері мен беделін анықтайды. Сондықтан, деонтология қағидаларын қатаң сақтап, әріптестер арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсірмеу бүкіл қызметкерлердің қасиетті борышы.

Дәрігердің өзара деонтологиялық үйлесімділігі – ұжым татулығының негізін құрап, оның кәсіби беделі мен берекесін арттырады.

Хирургия саласында **екі бұлжымас заң** бар:

1. *Асептиканың қағидалары*
2. *Кәсіби этиканың қағидалары*

* Дәрігерлер арасындағы қарым-қатынас терең құрметке, жанапшырлық пен өзара түсіністікке негізделуі тиіс.

*Өзінің әріптестері туралы бөгде жұрттың арасында ғайбат сөйлеуге, кемшіліктері мен қателігін теріп, талқыға салуға болмайды.

*Әріптесінің сәтсіздігін түсініп, көңілін жұбатуы ң керек, әсіресе ол кәсіби сәтсіздікке ұшыраған немесе қарауындағы науқасқа араша түсе алмай күйзелген кезде қолдау көрсетуің – ұжымдағы ұйымшылдық пен өзара көмек ахуалына негіз болады.

**Өзара
қарым-қатынастағы
деонтологиялық
қағидалар:**

*«Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» деген қағиданы ұстану.

*Егер жұмыс барысында әріптестер арасында диагностика мәселелері бойынша, тактиканы анықтауда, және т.б. Алауыздық туындаса, онда айтысушылардың ешқайсысы өз пікіріне табан тіреп, қасарысып қалуы тиіс емес. Мұндай жағдайда олар неғұрлым тәжірибелі, әрі ересек әріптестердің көмегіне жүгініп, кез-келген ретте бір ғана сенімді ұйғарымға келулері тиіс.

*Өзінен тәжірибелірек әріптестерінен, көбінесе клиника басшыларынан гөрі, қатардағы дәрігелерден ақыл-кеңес сұрап келетін жас буын дәрігерлердің ешқашанда бетін қайтаруға, көмектесуден бас тартуға болмайды.

*Емхана, жедел жәрдем немесе аймақтық дәрігерлердің кәсіби деңгейі мен ой-пікіріне астамшылдықпен қарауға болмайды.

Дәрігер мен орта буынды медицина қызметкерлерінің өзара қарым-қатынасының деонтологиялық аспектісі аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жақсы даярланбаған медбикелерсіз емдеу мекемелері мен емдеу жұмыстарының мәні болмайды. Сондықтан, дәрігер мен медбикелер арасындағы деонтологиялық қағидаларды бұрмалауға немесе оған ат үсті қарауға жол бермеуі керек. Өзара қарым-қатынас палатадағы ахуалға, дәрігердіңде, медбикенің де көңіл-күйі мен жұмысқа қабілетіне әсер етіп, бүкіл ем қолдану ісінің нәтижелеріне ықпалын тигізеді.

Дәрігер мен медбике қарым-қатынасының деонтологиясы

*Науқастардың алдында медбикенің жоғары адамгершілік және кәсіптік беделін көтермелеу

*Науқастарды аралап көруге және ем шараларын белгілеуге медбикелерді міндетті түрде қатыстыру

*Науқастардың көзінше медбикелердің аты-жөнін құрметпен атап, кішіпейілділік таныту

* Науқастардың көзінше, бөлменің ішінде медбикенің жұмысына мін тағып, ұрысып сөгуге болмайды, ол үшін кабинет, ординатор бөлмесі бар. Осы принципті бұзудың салдарынан медбикенің науқастар арасында беделін жоғалтуы, соның кесірінен емдік шаралардың дұрыс орындалмай қалуы байқалады.

*Баршаның – дәрігерлердің де, науқастардың да көңілінен шығатын мінсіз медбике бірден жарала салмайды, оны дәрігердің өзі және бүкіл ұжым тәрбиелеп шығады.

* Дәрігер науқастың алдында, олардың жазылып шығуына медбикенің маңызды роль атқаратынын әрдайым атап көрсетіп, жақсы жұмыстарын мақтап отыруы тиіс

Ауру адамды емдеуде сөздің ықпалы күшті екені белгілі. Кейде медицина қызметкерлері науқастың көзінше **ятрогения** деп аталатын, дәрігердің аңғармай айтқан пікірінен, ағат қылығынан туындайтын кеселге итермелейтін сөзді айтып қалады. Ятрогенді кеселдердің себептеріне:

- жалпы және медициналық мәдениеттің жетіспеушілігі
- асығыстық
- науқасқа жағымсыз диагнозды, сырқат болжамын, тексеру нәтижелерін айтып қою жатады.

Қандай сырқатқа ұшыраған болса да, медицина қызметкерлері науқастың психикасына жаңашырлықпен қарауы тиіс.

Медбике сөз атаулының емдеп қана қоймайтынын, сондай-ақ адам жанын жаралайтынын да айқын ұғынуы тиіс, сондықтан науқастың көзінше түсініксіз терминдерді қолдануға әуес болмағаны жөн

Емдеу шараларының нәтижелі болуына ауру адам ағзасына 3 фактор арқылы жетуге болады:

Білікті ем арқылы

Науқас пен медицина қызметкерлері арасындағы мүлтіксіз қарым-қатынас арқылы

Эстетикалық, психикалық сезімдік тұрғыдан жағымды әсер ететін, оңтайлы ортаның кешенді түрде ықпал етуі арқылы

Орыстардың <врач> деген сөзі славяндардың <врать> деген сөзінен шыққан. Яғни, сөйлеу, сендіру, көндіру деген мағына береді. <Врач> сөзі XI ғасырда пайда болған. Шынында дәрігердің ең күшті емдеу құралдарының бірі- сөз, науқастың ойлану, сезіну және сөйлеу жүйелеріне әсер ету. Егер науқас дәрігер сөзіне сенсе, ол жартылай емделеді деп есептеуге болады. Сондай ақ байқаусыз айтылған сөз науқастың ауруын өршітіп, тіпті жаңа аурудың пайда болуына соқтыруы мүмкін. Міне, сондықтан дәрігер адамдарды жақсы көре білуі, түсіне білуі қажет.

Қорытынды

Белгілі хирург Бакулев А.Н. жас дәрігерлерге былай деген:<< сенің алдында ауыр халдегі бала жатқанда оның әке- шешесінің үрейлі көздеріне қарап, қолыңнан не келетінін көрсет. Әр операция кезінде және одан кейін аурудың мүлдем жазылып кеткенін көргенше көңілің тынышталмасын. Науқасты өлімнен құтқара алмағаныңда қайғыруға, тіпті жылап алуға ұялма. Өзіңнің науқасың жазылып келіп, Рахмет деп айтқанда, өзің таңдап алған мамандығың үшін қуанып, көңілің толқысын>>. Сонымен, тәжірибелік медицинада хирургия сан-салалы дамыған, үлкен жауапкершілікті және еңбекқорлықты талап ететін сала болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. General surgery. R.Smith, F.Braun. 2003y.
2. www.surgery.com.net
3. www.beautymed.ru
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IV том
5. Дурманов Қ.Д “Жалпы хирургия”, Алматы, 2006
6. kazreferat.kz